

Паспорт образовательной программы

Дата регистрации в Реестре

2022.07.07 16:28

Регистрационный номер

16768

Дата обновления паспорта ОП:

2022.07.07 16:30

Код и наименование специальности:

04120100 Банк және сақтандыру ісі

Код и наименование квалификации/квалификаций:

4S04120103 Банк операциялары жөніндегі менеджер

Регион:

Алматы қ.

Организация ТипПО (Разработчик):

" Қазақстан инженерлік - технологиялық университетінің колледжі" ЖШС

Партнеры-разработчики:

"First Heartland Jusan Bank" АҚ

Цель ОП:

" Банк және сақтандыру ісі" білім беру бағдарламасының мақсаты банк және сақтандыру ісі саласында нақты міндеттерді орындау үшін қажетті терең теориялық білімі мен практикалық дағдылары бар және банк және сақтандыру ұйымдарының қызметін талдай және бағалай алатын мамандарды іргелі даярлау болып табылады.

Уровень по НРК:

4

Уровень по ОРК:

4

Профессиональный стандарт (при наличии):

жоқ

Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):

жоқ

Форма обучения:

күндізгі

База образования:

негізгі орта білім

Язык обучения:

мемлекеттік

Общий объем кредитов:

Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:

25.02.2022 ж.

Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:

KZ40LAA00018493

Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:

-

Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):

-

Отличительные особенности ОП:

-

Сведения о содержании модулей/дисциплин:

№ модуля/дисциплины	Наименование	Результаты	
		обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	ЖБП 1. Қазақ әдебиеті	« Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің негізгі міндеттері: 1) қазақ тілі мен әдебиеті пәніне құндылық ретінде қарауды қалыптастыру; 2) коммуникативтік оқыту негізінде барлық сөйлеу әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдану дағдыларын дамыту; 3) қазақ әдебиетінің стилистикалық және жанрлық ерекшеліктерін тану негізінде шығармашылық тұрғыда жұмыс істеу, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту; 4) білім деңгейі жоғары, полимәдениетті, ой-өрісі дамыған тұлғаны қалыптастыру.	4/96
	ЖБП 2. Қазақ тілі	« Қазақ тілі» пәнінің оқу мақсаты – қазақ тілі мен әдебиетін кіріктіріп оқыту негізінде білім алушылардың тілдік дағдыларын жетілдіру, тіл нормаларын сақтап, еркін сөйлеу және сауатты жазу дағдыларын дамыту, мемлекеттік тілге құрметпен қарауын қалыптастыру.	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>«Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәнінің негізгі міндеттері: 1) қазақ тілі мен әдебиеті пәніне құндылық ретінде қарауды қалыптастыру; 2) коммуникативтік оқыту негізінде барлық сөйлеу әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдану дағдыларын дамыту; 3) қазақ әдебиетінің стилистикалық және жанрлық ерекшеліктерін тану негізінде шығармашылық тұрғыда жұмыс істеу, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту; 4) білім деңгейі жоғары, полимәдениетті, ой-өрісі дамыған тұлғаны қалыптастыру.</p>	
ЖБП 3. Орыс тілі және әдебиеті	<p>« Орыс тілі мен әдебиеті» студенттердің іргелі дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етеді, олардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады және дамытады, ғылыми-техникалық, көркемдік, эстетикалық, әлеуметтік салалардағы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді және әлемдік білім беру саласында бағдарлауға көмектеседі. Бағдарлама көркем және публицистикалық мәтіндердің көмегімен студенттердің басқа халықтардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпына, тұрмыс-тіршілігіне, тарихына деген көзқарасын айтарлықтай кеңейтеді, бұл өз болмысын және өзіндік ерекшелігін сезіне отырып, басқа халықтарға құрметпен қарауды қалыптастырады. жалпы адамзаттық құндылықтар туралы түсінік қалыптастырады.</p>	5/120
ЖБП 4. Шетел тілі	Ағылшын тілін үйрену арқылы	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>студенттер: ағылшын тілі қалай жұмыс істейді және тіл үйренуге қатысты ережелер; жаһандық оқу бағдарламаларының кең ауқымын қабылдау; аргумент әзірлеу кезінде пәндік лексиканың кең ауқымын пайдалану; контекстен бейтаныс лексикадан тұратын көркем әдебиеттің кең ауқымын түсіну; тиісті деңгейде еркін сөйлеу, дәлдік, сөз екпіні және интонация сияқты дағдыларын қалыптастырады. Ағылшын тілінің оқу бағдарламасы келесі жолдар арқылы тілдік дағдылардың жоғары B2 деңгейін алатын оқушыларды дамытуға бағытталған.</p>	
ЖБП 5. Қазақстан тарихы	<p>« Қазақстан тарихы» пәні тарихи санаға, азаматтық , отансүйгіштік қасиеттерге ие, белсенді және тарихи білім мен дағдыларын демократиялық қоғам өмірінде тиімді шығармашылықпен қолдана алатын тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Оқу пәні бойынша білім алушыларға әртүрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның әлемдік тарихи процестегі орны мен рөлін анықтай отырып , өркениеттің даму ерекшеліктері , этникалық және әлеуметтік процесстер, мемлекет, соғыс және революциялар тарихы, өркениеттің экономикалық даму ерекшеліктері, саяси-құқықтық процесстер, мәдениет дамуы, қоғамдық-саяси ойдың дамуы, білім мен ғылымның дамуы туралы білім беріледі. «Қазақстан тарихы» пәні білім алушылардың базалық тарихи ойлау дағдыларын: тарихи</p>	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	деректердің интерпретациясы, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, тарихи талдау және түсіндіруді қалыптастырады.	
ЖБП 6. Өзін-өзі тану	« Өзін-өзі тану» пәні тұлғаның адамгершілік негіздеріне, тұлға ретінде өзін-өзі дамытып, рухани жетілдіріп , адами кемелденіп, үйлесімді дамуына , тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етуге бағытталған. Оқу пәні адамның өмірлік дүниетанымын, тұлға ретінде қалыптасуын, отбасы құндылықтарын, рухани-адамгершілік құндылықтарды, адамзаттық гуманистік идеяларды, тұлғаның әлеуметтік рольдерін, жалпыадамзаттық, этномәдени және ұлттық құндылықтарды, кәсіби қызметтегі адамгершілік негіздерді дамытуға үйретеді. «Өзін-өзі тану» пәні білім алушылардың тұлғалық және кәсіби кемелденуіне жағдай жасап, өзін және өзгелерді түсіне білуге, тиісті шешім қабылдауға, шынайылыққа, әлеуметтік жауапкершілікке, шығармашылық тұрғыда белсенді болуға және өмірді позитивті қабылдауға ықпал етеді.	2/48
ЖБП 7. Математика	« Математика» пәні қазіргі замандағы қоғамда өзін еркін сезінуге адамға қажетті ойлау қасиеттерін қалыптастыру арқылы білім алушылардың зияткерлік деңгейін дамыту; практикалық іс-әрекеттерде қолдануда, басқа пәндерді үйренуде, білім алуды жалғастыруда қажетті математикалық білімді меңгеруге көмектеседі. Пәнді оқу барысында	5/120

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>жеке тұлғаның зияткерлік қасиеттерін дамытуға бағытталған математика негіздерін сапалы меңгеруге, математикалық білім, білік және дағдыларын әрі қарай қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау; әртүрлі мәнмәтіндегі есептерді шешуде математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, сандық қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуге ықпал ету; есептерді шешу мақсатында білім алушылардың білімдерін математикалық модельдерді құруға және керісінше, шынайы процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді суреттеп беруге бағыттау; практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен олардың нақтылығын айқындауда лайықты математикалық әдістерді таңдап алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту; коммуникативтік дағдыларын, оның ішінде, ақпаратты дұрыс және сауатты түрде беру, сонымен қатар түрлі ақпарат көздерінен, басылымдар мен электрондық құралдардан алынған ақпаратты қолдану қабілетін дамыту; өздігінен және топта жұмыс істеуде қажетті тәуелсіздік, жауапкершілік, белсенділік, табандылық пен толеранттылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту; математиканы оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану</p>	

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
ЖБП 8. Информатика	<p>дағдыларын дамытады.</p> <p>Информатика пәні білім алушылардың оқуы мен жұмысында компьютерлік технологияларды пайдалану дағдыларын қамтамасыз ету болып табылады. Білім алушыларға пайдалану үшін ең жақсы қосымшаларды анықтау барысында саналы түрде таңдау жасау мүмкіндігі беріледі. Пәнді оқыту барысында білім алушылардың ақпараттық процестердің қоғамдағы рөлі жайлы, сондай-ақ ақпараттық технологияларды пайдаланудың техникалық мүмкіндіктері мен перспективалары туралы түсінігін қалыптастыру; білім алушыларға жүйені талдау, шешім ұсыну, бағдарламалық қосымшалар жасау, оларды дамытып жетілдіру, сонымен қатар, өздерінің өнімдерін бағалау мүмкіндігін беру мақсатында компьютердің жұмыс істеуінің негізгі қағидаларын түсінуін қамтамасыз ету; талдау, абстракция, үлгілеу мен программалау арқылы білім алушыларға әртүрлі тапсырмаларды шешуді үйрету; білім алушылардың логикалық, алгоритмдік, сондай-ақ, жалпылау және үйлестік тапсырмаларды құрамдас бөліктерге бөлу және ортақ заңдылықтарды табу, қойылған міндеттерді орындауға қажетті тиімді және рационалды тәсілдер табу сияқты қамтитын есептік ойлау қабілетін дамыту; білім алушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру – жалпы</p>	2/48

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>ережелерді ұстану және жеке тұлға мен бүкіл Қазақстандық қауымның мүддесінде әрекет ету; білім алушылардың пән аясында академиялық тілді меңгеруіне және терминологиялық лексиканы байытуға жағдай жасау; есептеуіш платформалар негізінде басқарылатын электрондық құрылғыларды құру, құру, программалаудың тәсілдері және қағидаттарымен білім алушыларды таныстыру дағдылары қалыптасады.</p>	
ЖБП 9. Дене тәрбие	<p>Дене тәрбиесі пәнін оқыту процесінде білім алушыларға: 1) жеке тазалық ережелерін сақтау қажеттілігін түсінуге; пәндік білімдерін, шеберліктері мен дағдыларын күнделікті өмірлерінде қолдануға; 2) дене жаттығуларының адамның физикалық және энергетикалық жүйелеріне әсерін білуге; 3) жеке бас пен моральдық-өнегелілік қасиеттерін дамытудың маңыздылығын және әділ бәсекелестік пен өздерін үздіксіз дамытудың қажеттілігін түсінуге; 4) өзінің физикалық дамуын жетілдіруде қимыл-қозғалыс құзыреттіліктерін жақсарту қажеттіліктерін бағалауға; жалпы, кәсіптік-қолданбалы және сауықтыру-түзету бағытындағы дене жаттығуларымен шұғылданудың маңыздылығын бағалауға мүмкіндік береді.</p>	5/120
ЖБП 10. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	<p>« Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәннің мақсаты – білім алушыға мемлекетті қорғау негіздері туралы</p>	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>ойының қалыптасуын, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің арналуын және түрлері мен ерекшеліктерін түсіндіру, әскери қызметтің маңызын, Қазақстан Республикасының әр азаматының қасиетті парызы және міндетін оқыту. Пәннің міндеттері: әскери анттың, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларының негізгі талаптары туралы білімін қалыптастыру; әскери бөлімдердің қару-жарағы мен әскери техникасы, жеке құрамның өмірі мен орналасуымен таныстыру; қажетті әскери білім мен практикалық дағдыларды ақпараттық технологияны пайдалана отырып робототехникада, дөңгелекті машиналарды жүргізудің негіздері және төтенше жағдайда адам өмірі қауіпсіздігі негіздерінде қалыптастыру; жастарға қазақстандық патриотизм мен Отанына деген адалдық сезімін дарытуға тәрбиелеу; әскери істерге байланысты мамандық кәсібіне оң көзқараста тәрбиелеу; оқу пәні қазақстан әскерінің даму тарихымен танысу және оның бүгінгі жай- күйін оқу арқылы әскери тұрғыдан жігерлі, батыл, денсаулығы мықты, білімді тұлғаны дамытуға бағытталған. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінде теориялық сабақтармен қатар тәжірибелік сабақтар да қарастырылған. Теориялық сабақтарда әр түрлі дидактикалық көрнекі құралдармен түсіндіру сабақтары</p>	

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	және жаңартылған әдістерді қолдану арқылы өткізіледі. Тәжірибелік сабақтарда әскери құралдар мен әскери-техникалық жабдықтарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізіледі.	
ЖБП 11. География	« География» пәнінің мақсаты білім алушылардың қоғам мен географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындаған геоэкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және ғаламдық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қолдану үшін жағдай жасау. Пәнді оқу барысында оқушылардың бойында географиялық кеңістіктік ойлауды, географиялық мәдениет пен тілді дамыту; геоэкологиялық, геосаяси, геоэкономикалық, әлеуметтік үдерістер мен құбылыстарды зерттеу үшін ғаламдық, аймақтық және жергілікті ұстанымдардың түсінуін дамыту; оқушыларға картографияны, геоэкологияны, геоэкономиканы, геосаясатты, елтану мен адамзаттың ғаламдық проблемаларын зерттеу барысында геокеңістіктік деректерді өңдеудің заманауи әдістерін қолдану үшін жағдай жасау; оқушының бойында қазіргі дүниенің географиялық көрінісін ісәрекеттер арқылы зерттеп-тану барысында құндылықтар жүйесін қалыптастыру дағдылары қалыптасады	6/144
ЖБП 12. Дүниежүзі тарихы	" Дүниежүзі тарихы" пәнінің мақсаты: тарихи білім саласындағы туындаған сұрақтарды шешуге,	6/144

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>тарих саласында өздігінен ғылыми зерттеулер жүргізу және әлемдік және қазақстандық тарихи ғылымның ғылыми-әдістемелік тұжырымдамаларын синтездей алу үшін білім алушыларға жағдай жасау. Отандық және халықаралық еңбек нарығында олардың қажеттіліктеріне және елдің және аймақтың даму перспективаларына сәйкес қабілеттерін қалыптастыру</p>	
ЖБП 13. Физика	<p>« Физика» пәнін оқытудың мақсаты: білім алушылардың ғылыми дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру. Физика пәнін оқу барысында білім алушылардың әлемнің заманауи физикалық бейнесінің негізінде жатқан заңдылықтар мен принциптер туралы іргелі білімді, табиғатты танудың ғылыми әдістерді меңгеруіне ықпал ету; білім алушылардың интеллектуалдық, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивтік мәдениетін дамытуға, физикалық экспериментті және зерттеу жұмыстарын орындау дағдыларын қалыптастыру; оқу және зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу; меңгерген дағдыларды табиғат ресурстарын пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауда, қоғам мен адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде</p>	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
ЖБП 14. Химия	<p>қолдану дағдылары қалыптасады.</p> <p>Химия пәнін оқытудың мақсаты - білім алушыларға зат және олардың айналымы, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылысына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін ұсыну, білім алушыларға химиялық үдерістердің мағынасын, негізгі заңдар мен заңдылықтарды түсініп, оларды шынайы өмірде қауіпсіз қолдана алуға, ақпаратты сыни бағалауға және шешім қабылдауға мүмкіндік беру. Оқыту міндеттері: практикалық-бағытталған білімді, ұғымдарды, химия ғылымының теориясы мен заңдарын меңгеру; табиғатта, зертханада, өндірісте және күнделікті өмірде болатын химиялық құбылыстарды бақылау және түсіндіру іскерліктерін меңгеру; техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, практикалық сабақтарда заттармен және зертханалық жабдықтармен жұмыс істей білуді дамыту; химиялық эксперимент жүргізу барысында білім алушылардың танымдық қызығушылықтары мен интеллектуалдық қабілеттерін дамыту, химиялық білімді өз бетінше алу қажеттілігін қалыптастыру; жаратылыстану және жалпыадамзаттық мәдениет элементінің іргелі компоненттерінің бірі ретінде химияға қарым-қатынасты тәрбиелеу; химияның қоғамдық маңыздылығын, гуманистік бағытын, адамзат алдында тұрған</p>	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>мәселелерді шешудегі оның өсіп келе жатқан рөлін ашу; алынған теориялық білімді химиялық құбылыстар мен заттардың қасиеттерін түсіндіру үшін, оларды тұрмыста, ауыл шаруашылығында және өндірісте қауіпсіз пайдалану, адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиян келтіретін құбылыстардың алдын алу үшін пайдалану; адам қызметінің объектілеріне немесе құралдарына құндылық және сыни қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастыру, оның қоршаған ортаға қатысты көрінісі, қоғамның әрбір мүшесінің өмірлік проблемаларын шешуге ықпал ететін негізгі және пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру</p>	
БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.	6/144
	ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.	3/72
БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.	2/48
	ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану.	1/24
БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру.	1/24
	ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау.	1/24

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну.	1/24
	ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.	0,5/12
	ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау.	0,5/12
БМ 4. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	ОН 4.1. Төзімді және белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну.	1/24
	ОН 4.2. Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен орнын түсіну.	1/24
	ОН 4.3. Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгеру.	1/24
	ОН 4.4. Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі түсініктерін меңгеру.	1/24
КМ 1. Кеңес беру және әлеуетті клиенттерді тарту	ОН 1.1. Әлеуетті клиенттерді іздеу және мәліметтер базасын құру.	3/72
	ОН 1.2. Клиенттің қажеттіліктерін анықтау.	6/144
	ОН 1.3. Банк өнімдерінің тұсаукесерін өткізу.	8/192
	ОН 1.4. Клиенттерге қызмет көрсету сапасының стандарттарын сақтау.	11/264
КМ 2. Депозиттік операцияларды орындау және ресімдеу	ОН 2.1. Банктің депозиттік саясатының элементтерін сипаттау.	4/96
	ОН 2.2. Жеке тұлғалармен депозиттік операцияларды жүзеге асыру.	8/192

№ модуля/дисциплины	Наименование	Результаты	
		обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
		ОН 2.3. Заңды тұлғалармен депозиттік операцияларды жүзеге асыру.	10/240
	КМ 3. Кредиттік операцияларды жүзеге асыру	ОН 3.1. Несие саясатының элементтерін сипаттау.	2/48
		ОН 3.2. Клиенттердің несие алу қабілеттілігін талдау.	4/96
		ОН 3.3. Кредиттік тәуекелдерді сақтандыру бойынша операцияларды жүзеге асыру.	10/240
		ОН 3.4. Кредиттік мәмілелерді сүйемелдеу.	10/240
	КМ 4. Банк клиенттеріне операциялық қызмет көрсетуді жүзеге асыру	ОН 4.1. Клиенттерге қызмет көрсету тұжырымдамаларын саралау.	2/48
		ОН 4.2. Есептік құжаттарды қабылдауды және өңдеуді жүзеге асыру.	10/240
		ОН 4.3. Клиенттің шағымдары мен тілектерімен жұмыс жасау.	10/240
	Аралық, қорытынды аттестаттау	-	5/120